

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режиміне теріс әсер ететін шаруашылық қызметтер мен тиісті аумақтарды белгілеу туралы" 2010 жылғы 25 ақпандағы № 31 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 тамыздағы № 179 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 тамызда № 3050 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып және ерекше табиғи кешендерді сақтау, қалпына келтіру және олардың тізімін толықтыру арқылы одан әрі дамыту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Облыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режиміне теріс әсер ететін шаруашылық қызметтер мен тиісті аумақтарды белгілеу туралы" 2010 жылғы 25 ақпандағы № 31 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3039 тіркелген және 2010 жылғы 6 сәуірдегі облыстық "Орал өңірі" газетінің № 37 санында жарияланған) төмендегідей толықтырулар енгізілсін:

облыстағы белгіленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін шектелген қызмет түрлерімен белгіленген тиісті аумақтар кестесі сәйкесінше осы қаулының қосымшасына сәйкес "6, 7, 8, 9, 10" жолдармен толықтырылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды аласын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е. Ғ. Салықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *Б. Измұхамбетов*  
2010 жылғы 9 тамыздағы № 179  
облыс әкімдігінің қаулысына  
ҚОСЫМША

**Облыстағы белгіленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен осы аумақтардың экологиялық**

**жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне,  
сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне  
теріс әсер ететін шектелген қызмет түрлеріне  
енгізілген толықтырулар**

№	Белгіленген ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	Орналасқан жері	Шектеулі қызмет түрлері
6.	Жергілікті маңызы бар "Селекционный" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік ботаникалық қаумал	БҚО, Орал қаласының резерв аумағы, ауданы 36,3 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер
7.	Жергілікті маңызы бар "Орда" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін ландшафтты табиғат ескерткіші	БҚО Бөкей ордасы ауданының аумағы, ауданы 16405,0 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, үңгірлерді бүлдіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер
8.	Республикалық маңызы бар "Кирсанов" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи кешендік қаумал	БҚО Зеленов, Теректі және Бөрлі аудандарының аумағы, ауданы 61000 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер, оның ішінде: 1) тас, қиыршық тас, құм және басқа да пайдалы қазбалар өндіру, жер қазу жұмыстарын жүргізу, табиғи гидрологиялық режимді өзгертетін әрекеттер, мемлекеттік табиғи қаумалдың табиғи құрама бөліктерін бүлдіру немесе қиратуға байланысты ізденістер мен ғылыми зерттеулер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау

9.	Республикалық маңызы бар "Бударин" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумал	БҚО Зеленов, Теректі және Ақжайық аудандарының аумағы, ауданы 80000 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер , оның ішінде : 1) мал жаю, шөп шабу, ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын , түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер ; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау
10.	Республикалық маңызы бар "Жалтыркөл" шаруашылық қызметінің режимі реттелетін мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумал	БҚО Жаңақала ауданының аумағы, ауданы 19000 га	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауға қатер төндіретін немесе оларды молықтыруды нашарлататын қызметтер , оның ішінде : 1) ағаш кесудің барлық түрлері, гүлдер теру, өсімдіктердің тамырларын, түйнектерін және жуашығын қазып алу, от жағу, көлік құралдарының бар жолдардан тыс жерлермен келіп кіруі және жүруі, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, сол сияқты өсімдіктердің бүлінуін және жойылуын туғызған немесе туғызатын басқа да әрекеттер; 2) жануарлардың өлім-жітімін туғызған немесе туғызуы мүмкін басқа да әрекеттермен бірдей дәрежеде аң аулау, кез келген тәсілдермен және құралдармен жабайы жануарларды олжалау, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіру, жұмыртқа жинау

Аббревиатураның толық жазылуы :  
БҚО – Батыс Қазақстан облысы ;

га – гектар.